

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№119 (9181) | 1953 жылғы 16 июнь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мектептерді жаңа оқу жылына уақытылы әзірлейік!

Солтүстік Қазақстан облысының ауыл-селолық Советтерінің барлық депутаттарына, активтеріне, жұмысшыларына, колхозшылары мен қызметшілеріне

Қымбатты жолдастар!

Социалистік Отанымыз жыл сайын гүлденіп нығаюда. Оның халық шаруашылығы, ғылымы мен мәдениеті өркендеуде.

ССРО-да халық ағарту ісінің тарихта болып көрмеген дәрежеде дамуы осы өркендеудің тамаша бір сыйпаттамалары болып табылады. Қазірдің өзінде барлық жерде бірдей жаншай жетімдік білім алу жүзеге асырылды және СОКП XIX съезінің тарихи директиваларына сәйкес келесі бесжылдықта жаншай орта білім алуға көшу үшін жағдай жасауға әзірлік басталды.

Совет мемлекеті совет халқының сенімі — өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдай туғызуда.

Біздің елімізде балалар бүкілхалықтық қамқорлыққа бөлінген, жыл сайын толық жабдықталған мектеп үйлерінің саны көбейіп келеді, халық ағарту ісіне бөлінген қаржы көбейе түсуде.

Мектептер оқу жылын ойдағыдай аяқтап, жаңа оқу жылына әзірлікке қызу кірісті.

Біздің балаларымыздың оқуы үшін жақсы жағдай туғызу ісінде мектепке қажетті көмек көрсету — жергілікті Советтің әрбір депутатының, әрбір активінің, әрбір совет азаматының борышы.

Осыны жете түсініп, мектептерді жаңа 1953—54 оқу

жылына әзірлеу туралы мәселені талқылау үшін селолық Советтің сессиясына жыйналған біз, Ленин ауданындағы Александровка селолық Советінің депутаттары, активтері өзімізге мынадай міндеттемелер аламыз:

1. Орта мектеп ашу үшін жағдай туғызу мақсатымен 1953 жылдың 1 авгуына дейін бес класс орналасатындай бөлмесі бар жаңа мектеп үйін өз инициативамызбен саламыз.
2. 1953 жылғы 1 июльге дейін мектептің негізгі үйін жөндеп, қалпына келтіреміз.
3. Елу балаға арналған қоғамдық интернат үшін үй жабдықтаймыз; бұл жұмысты 1 августке дейін аяқтаймыз.
4. 15 августқа дейін мектеп пен мұғалімдер үшін 300 текшеметр отын дайындап, тасып аламыз.
5. Мектеп жанынан үлгілі спорт алаңын дайындаймыз.
6. Мектеп жанындағы оқу тәжірибе участогінің үлгілі сақталуын қамтамасыз етеміз.
7. Бюджет бойынша босатылған қаржыларды толық пайдаланып, мектепті оқу-көрнекі құралдарымен қамтамасыз етеміз.
8. Мұғалімдерге арналған үйді күрделі жөндеуден өткіземіз және жаңадан бір үй саламыз.

Біз Солтүстік Қазақстан облысының ауыл-селолық Советтерінің барлық депутаттары мен активтерін бізден үлгі алуға және мектептерді жаңа оқу жылына жақсы әзірлеу жолындағы социалистік жарысты кең өрістетуге шақырамыз.

Сессияның тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар:
Александровка селолық Советі аткомінің председателі **П. БРОМОТ.**
Воровский атындағы колхоздың председателі **А. КОЦАРЬ.**
Воровский атындағы колхоз комсомол ұйымының секретары **Д. БАХТИЯРОВ.**
Александровка мектебінің директоры **Л. ЗИВАРЕВ.**
Селолық Советтің депутаты колхозшы **М. ЯРОВОЙ.**
Әйелдер Советінің председателі **Т. БОНДАРЕНКО.**
Селолық Советтің депутаты **Т. ТКАЧЕНКО.**

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі аткомінде

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы социалистік жарыс ұйымдастыру туралы


Облыстық Советі аткомі Ленин ауданындағы Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жо-

Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі аткомдеріне Александровка селолық Советінің депутаттары мен активінің үндеуін аудандық ауылдық және селолық

Облыстық Советтің аткомі облыстық оқу бөлімін және еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі аткомдерін 1953 жылғы

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу — мемлекеттік маңызы зор іс. Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, сол сыяқты, шаруашылық басшылары мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуде халық ағарту орындарына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Жемшөпті мол дайындау — аса маңызды міндет



Ленин ауданының «Орталық» колхозында шөп шабу науқаны қызу жүріп жатыр. Тракторшы Ергали Жағыпаровтың агрегаты күн сайын біржарым нормадан орындап жүр.
СУРЕТТЕ: Ергали Жағыпаровтың агрегатының шөп шауып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Теріс пікірдің шырмауында

«Интернационал» колхозының басшылары қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамай отыр. Мұнда өлі күнге шөп шабу науқаны басталған жоқ. Колхоз басқармасы, оның председателі Павляков жолдас шөп шабуға алғашқы күннен барлық мүмкіншілікті жұмсап, оны қызу жүргізуді ұйымдастыра алмай келеді. Колхоз басшылары шөп шабатын машиналарды толық қуатымен пайдалануды мүлде ойлайтын емес. Күні бүгінге дейін 11 ат шөп машинасы жөнделіп те болмаған. Олардың бірде-біреуі шөп шабуға қосылған жоқ.

Колхоз басшылары шөп шабуға ат шөп машиналарын қосуға мән бермейді. Олар былай шөпті тек қана өздігінен жүретін және кеңалымды машиналармен шауып үлгереміз деген зиянды пікірге

гектар ғана жердің пішені шабылған. Мұнда быыл 11 ат шөп машинасы жұмысқа қосылуда тиіс еді. Бұл машиналармен бірнеше гектар жердің пішенін шабу жоеларланған болатын. Дегенмен, колхоз басшылары ат шөп машиналарын жұмысқа қосуды мүлде естен шығарған. Осы күнге дейін бұл колхозда бірде-бір ат шөп машинасы жұмысқа қосылған жоқ. Ол-ол ма, мұнда ат шөп машиналарын жөндеу қолға да алынбаған. Колхоз председателі Атымтөев жолдас шөп машиналарын жұмысқа қоспай, пішен шабуды көріне-көзге кешуілетіп отыр. Керек десе ол ат шөп машиналарын жұмысқа қосудан тікелей бас тартады.

—Ат шөп машиналарын әуре қылып қайтесіз, — дейді ол, — шөпті өздігінен жүретін және кеңалымды машиналармен-ақ шауып үлгереміз. Осы машиналардың

Аудан басшылары не дер екен?

Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) шабындық жерлерінде шөп қаулап өсуде. Быыл мұнда қоғамдық мал үшін жемшөптің мол қорын жасауға толық мүмкіншілік бар. Бірақ, мал азығы өзінен-өзі дайындалмайды. Демек, шөп шабуды мезгілінде қолға алып, оны ойдағыдай жүргізгенде ғана қоғамдық малды қыстық азықпен қамтамасыз етуге болады. Алайда, Калинин атындағы колхоздың басшылары мұны жете ескермей келеді. Алдымен бұл колхоз шөп шабуға кешігіп кірісті. Солай бола тұрса да шөп шабуға бар болғаны 4-ақ ат машина қосылды. Бұлардың өзі де жұмысты өнімді істемейді. Бұған машина-тердің бірде-бірінің тағайындалған күнделік норманы орындамай келе жатқаны

